

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ТАРИХ ФАКУЛЬТЕТІ

**ДҮНИЕ ЖҮЗІ ТАРИХЫ, ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ
КАФЕДРАСЫ**

**«6B01601-Тарих» білім беру бағдарламасы бойынша «103472 Шығыс
елдерінің жаңа заман тарихы» атты базалық курстың қорытынды
бақылау бағдарламасы
Оқу түрі: күндізгі, 5 кредит, 2 курс**

Алматы, 2024

Бағдарлама оқу жұмыс жоспары және «6B01601-Тарих» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасының пәндер каталогы негізінде жасалды.

Бағдарламаны дайындаған Дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының доценті, Ph.D Абдукадыров Н.М.

Бағдарлама Дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының мәжілісінде бекітілді. Хаттама № __ «__»__2024 ж.

Кафедра меңгерушісі т.ғ.к., профессор_____ Мырзабекова Р.С.

Факультеттің әдістемелік кеңесінің мәжілісінде мақұлданған
Хаттама № __ «__»__2024 ж.

Ғалым хатшы _____ т.ғ.к., доцент Н.А. Тасилова

ЕМТИХАН ӨТКІЗУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ

Қорытынды бақылау жүргізу платформасы: АЖ Univer жүйесі

Емтихан өткізу формасы: Стандартты

Емтихан түрі: Жазбаша (оффлайн).

Курс және мамандық: «6В01601-Тарих» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы. 2 курс. Екі топ.

Екі топта жалпы саны 35 студент.

Бақылау: аудиторияда бейнежазба жүргізіледі, арнайы Проктор бақылаушы тағайындалады

Билеттер автоматты түрде жасалады.

Жұмысты тексеру қалай жүзеге асырылады: Пән оқытушысы дайын емтихан жұмыстарын тексереді және жұмысты бағалайды. Содан соң «Универ» жүйесінің тізімдемесіне тиісті баға қойылады

СТУДЕНТ БІЛУІ ТИІС

1. Емтихан қарсаңында студенттер хабарландыру алады.
2. Крсетілген уақытта зіне белгіленген аудиторияға емтиханға кіре алады.
3. Әрбір студент емтихан билетін алады және тиісті сұрақтарға жауап береді
4. Аудиторияда бақылаушы болады және әкімшілік тарапынан бейнежазба жүргізіледі

ОҚЫТУШЫ

1. Емтихан аяқталғаннан кейін оқытушы студенттің жазған жауаптарын ала алады.
2. Сол блімде оқытушы студенттердің жауаптарын бағалайды.
3. Емтихан нәтижелері бойынша алынған баллдар 48 сағат ішінде «Универ» жүйесіне енгізіледі

Қорытынды бақылауды бағалау критерийлері: Емтихан қабылдау барысында студенттердің теориялық білімі ғана емес, мәселе бойынша оның анализ жасау, жүйелеу, талдау, бағалау критерийлері бойынша қабілеттері, яғни теориялық білімін практикада пайдалана білу қабілеттері бағаланады. Билеттің 1-ші сұрағы когнитивті қабілеті бойынша құрастырылғандықтан 33 балмен бағаланады, 2-ші сұрағы функционалды қабілетті анықтайтындықтан 33 балмен, ал 3-ші сұрағы жүйелі қабілетті анықтайтындықтан 34 балмен бағаланады, барлығы – 100 балл.

ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАННЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

Кіріспе

Пәннің мақсаты мен міндеттері. Пәнді оқыту туралы. Шығыс елдерінің Жаңа және Қазіргі заман тарихы пәні.

XVII-XX ғасырдың басындағы Жапония

Деректері мен тарихнамасы. XVII ғасырдағы Жапонияның саяси-әлеуметтік жағдайы. Токугава сегунатының сыртқы саясаты. Жапониядағы дін мәселесі. XIX ғасырдағы Жапонияның экономикалық жағдайы. Еуропалықтардың Жапонияны «ашуы». Жапониядағы дін мәселесі. XIX ғасырдағы Жапонияның экономикалық жағдайы. Еуропалықтардың Жапонияны «ашуы». 1867-1872 жылдардағы Жапониядағы Мэйдзи төңкерісі және жүргізілген реформалар Жапонияда капитализмнің дамуы. Жапонияның басқыншылық соғыстары. XX ғасырдың басындағы мемлекеттің дамуы.

XVII-XX ғасырдың басындағы Қытай

Маньчжурлық Цин династиясының қол астындағы Қытай (XVII-XIX ғғ.). XVII ғасыр мен XIX ғасырдың басында елдің экономикалық жағдайы. Цин империясының саяси-әлеуметтік құрылысы. Цин империясының сыртқы саясаты. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Цин империясының саяси-әлеуметтік және экономикалық жағдайы. Апиын соғыстары және тең құқылы емес келісім-шарттар. Тайпиндер көтерілісі (1850-1864). XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қытай. Колониалдық экспансияның күшейуі, реформалар жүргізу әрекеттері. Синьхай революциясы (1911-1913).

XVII-XX ғасырдың басындағы Үндістан

XVII ғасырдың екінші жартысындағы Ұлы Моғол мемлекеті. Үндістанда тәуелсіз мемлекеттердің құрылуы. Сикх және Маратха мемлекеттері. Ұлы Моғол империясының ыдырауы. Үндістанды еуропалықтардың отарлай бастауы. XIX ғасыр - XX ғасырдың басындағы Үндістан. Үндістанды отарлаудың аяқталуы. Отаршылдықтың салдары. 1857-1859 жылдардағы Үндістандағы ұлт-азаттық көтеріліс. XX ғасырдың басындағы Үндістан. XIX ғасырдың екінші жартысындағы Үндістандағы ұлт-азаттық қозғалыс.

XVII-XX ғасырдың басындағы Иран

XVII ғасырда Ирандағы Сефевид мемлекеті. Нәдір шах тұсындағы Иранның ішкі және сыртқы жағдайы. Иранда Каджар әулетінің билікке келуі. XIX ғасырдың басындағы Иранның халықаралық жағдайы. 1848-1852 жылдардағы Ирандағы бабшылдар көтерілісі. Иранның жартылай отар елге айналуы. 1905-1911 жылдардағы Иран революциясы

XVII-XX ғасырдың басындағы Осман империясы

XVII ғасырдағы империяның дамуы және оның құрамына кірген халықтардың жағдайы. XVII ғасырдағы Осман империясының жүргізген

соғыстары. Империяда дағдарыстың күшейуі. Осман империясының әлеуметтік-экономикалық дамуы. ІІІ Селим сұлтанның реформасы. Танзимат реформалары. «Жас түріктер» қозғалысы

XVII-XX ғасырдың басындағы Ауғанстан

XVII-XIX ғасырлардағы ауған халқының шаруашылығы және қоғамдық құрылымы. Бабыр және ауған тарихы. Ирандағы ауған басқыншылығы. Надир-шахтың Ауғанстанды жаулап алуы. «Дуррани» мемлекетінің құрылуы. Қоғамдық құрылысы. Ауған мемлекетінің жалпы сипаттамасы. Басқару жүйесі және әскери құрылымы. Ахмед-шахтың жаулап алған жерлері. Бірінші ағылшын-ауған соғысы (1838-1842). Екінші ағылшын-ауған соғысы (1878-1880).

МОДУЛЬ ІІ. ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ШЫҒЫС ЕЛДЕРІНІҢ ТАРИХЫ XX-XXI ғғ.

Жапония

Бірінші дүниежүзілік соғыстың нәтижелері. Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы Жапонияның сыртқы саясаты. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Жапониядағы оккупациялық тәртіп. XX ғасырдың 50-60 жылдарындағы Жапонияның экономикалық өрлеуі. XX ғасырдың 60 жылдары мен XXI бас кезіндегі Жапонияның саяси өміріндегі өзгерістер

Қытай

Бірінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі Қытай. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Қытай. 1920–30 жылдардағы Гоминьдан мен Коммунистік партия арасындағы күрес. Екінші дүниежүзілік соғыс соңында Қытай. «Үлкен секіріс. «Мәдени революция».

Иран, Ауғанстан

Бірінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі Иран. Реза-шахтың буржуазиялық реформалары. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі Ауғанстан. Ауғанстандағы азамат соғысы. Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі Ауғанстан. Ауғанстандағы сәуір төңкерісі

Түркия

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Түркияның ішкі және сыртқы жағдайы. Лозанн конференциясы. Кемал реформалары. Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңы мен кезіндегі Түркия. 1945-1960 жылдардағы Түркия. Екінші республика тұсындағы Түркия (1960-1980).

Үндістан

Бірінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі Үндістан. Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі Үндістан. «Неру бағыты» және оның негізгі шаралары. Пакистан. Пакистан мемлекетінің құрылуы және оның 1947–1957 жылдар аралығындағы ішкі саяси дамуы. А.М. Яхья-хан тұсындағы азамат соғысы және Бангладештің

құрылуы. З.А. Бхуттоның ішкі және сыртқы саясаты. 1980 жылдардың соңы мен 2000 жылдың бас кезіндегі Пакистанның саяси жағдайы

Корея республикалары

XX ғасырдың 20-50 жылдарындағы Корея. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Корея. Корей түбегінде екі мемлекеттің құрылуы. Оңтүстік Корея. Солтүстік Корея. КХДР-дағы социалистік жаңарулар (1953–1956). КХДР-дың XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың бас кезіндегі халықаралық жағдайы

Қазіргі замандағы Африка елдері

Африка мемлекеттерінің тәуелсіздік алуы. Африка мемлекеттерінің тәуелсіздік алуы. (1960 ж. Африка жылы). Батыстық әндіріс құралдарының Азия және Африка елдерінің әндірісіне енгізілу ерекшеліктері.

Таяу Шығыс елдері.

Қазіргі заманда Таяу Шығыс мемлекеттерінің тарихы. Израильдің құрылуы. Палестина. Сирия, Ливан, Иордания, Таяу Шығыс мәселесінің тууы.

«Шығыс елдерінің Жаңа және Қазіргі заман тарихы» пәні бойынша қорытынды емтиханды бағалау рубрикаторы

СТАНДАРТТЫ ЕМТИХАН: ЖАЗБАША (оффлайн)

Критерий/ бал	ДЕСКРИПТОРЛАР				
	«те жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
	90-100 % (27-30 балл)	70-89 % (21-26 балл)	50–69% (15-20 балл)	25–49% (8-14 балл)	0–24% (0-7 балл)
1-ші блок Пәннің теориясы мен тұжырымдамасын білу және түсіну 33 балл	«те жақсы» бағас барлық үш сұрақты толық ашылуын, тұжырым мен қорытындының егжей-тегжейлі дәлелдерін қамтиты логикалық жә дәйекті түрде құрылған, аудиториялық сабақтарда тақырыптардың мысалдарымен крсетілген жауап үш қойылады.	«Жақсы» бағас барлық жауап толық бірақ кейб мәселелерді толық қамтылмаған, негіз ережелердің қысқартылған дәлелдері крсетілген жауап үш қойылады, материалды жеткізудің қисын мен дәйектілігін қате жіберілуі мүмкін. Жауапта кейб стилистикалық қателіктер жіберіл терминдер дұрыс қолданылмауы мүмкін.	«Қанағаттанарлық» бағасы билет ұсынылған сұрақтардың толық емес жариялануы қамтитын жауап үш қойылады, негіз ережелерді үстірт дәлелдейді, баяндама композициялық диспропорцияларға, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінің бұзылуына жол беред теориялық ережелер аудиториялық сабақтардың әзірленген конспектілерінің	Қойылған сұрақтарды дұрыс ашп ұғымдарды, теорияларды білмеу, сұрақ крсетілген фактілер мен оқиғаларды білмеу.	Пән бойынша негізгі ұғымдарды, теорияларды білмеу, сұрақ крсетілген фактілер мен оқиғаларды білмеу.

			мысалдарымен суреттемейді.		
2-ші блок Таңдалған әдістеме мен технологияны нақты практикалық тапсырмаларға қолдану 33 балл	Оқу тапсырмасын толық орындау, қойылған сұраққа толық, дәлелді жауап беру, пәннің практикалық мәселелерін шешу;	Оқу тапсырмасын ішінара орындау, пәннің практикалық міндеттерін толық шешпеу, қойылған сұраққа толық емес, бірақ дәлелді жауап беру; пән бойынша ғылыми тіл нормаларын сауатсыздау пайдалану;	Материалды үзік-үзік жеткізіледі, қисын мен дәйектілік бұзылады, нақты және семантикалық дәлсіздіктерге жол беріледі, пәннің теориялық білімі үстігі біржақты қолданылады.	Тапсырманы шешуде ұтымсыз әдістің қолданылуы немесе жеткілікті ойластырылмаған жауаптың берілуі; тапсырмаларды шеше алмау, тапсырмаларды жалпы түрде орындау; нормадан асатын қателіктер мен кемшіліктер жіберу.	Тапсырмаларды шешу үшін білімді, алгоритмдерді қолдана алмау қорытындыла жасай алмау. Қорытынды бақылау жүргізудің ережелерін бұзу.
3-ші блок Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және талдау, алынған нәтиженің негіздемесі 34 балл	Оқу тапсырмасын толық орындау, қойылған сұраққа толық, дәлелді жауап беру, пәннің практикалық мәселелерін шешу; Ғылыми ережелер, қолданылған әдістем мен технологияның дәйекті, қисынды және дұрыс негіздемесі, сауаттылық, ғылыми тілдің нормаларын сақтау, тұжырымдар әсер етпейтін материалды ұсынуда 1-2 дәлсіздікке жол беріледі.	Тұжырымдамалық материалды пайдалануда дәлсіздікке, жалпыл мен тұжырымдарда кіші-гірім қателіктерге жол беріледі, бұл тапсырманың жалпы деңгейіне әсер етпейді.	Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз, стилистикалық және грамматикалық қателіктер, сондай-ақ практикалық шешімнің нәтижелерін нәдеуде дәлсіздіктердің болуы	Тапсырма рескел қателіктермен орындалды, сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырымдалық материалдар мен дәлелдер нашар пайдаланылды.	Тапсырма орындалмады, қойылған сұрақтарға жауаптар жоқ талдау материалдары мен құралдар пайдаланылмады. Қорытынды бақылау жүргізу ережелерін бұзу.

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. История Востока. Т. 5-6. Восток в средние века. – М, 1995. (университет кітапханасы-15 дана)
2. Евдокимова А. А. История стран Востока в Новое время: учебное пособие для студентов вузов. Ростов н/Д: Феникс, 2011
3. Васильев Л. С. История Востока: учебник для магистров : [в 2 т.]. Т. 1 М.: Юрайт, 2011
4. История Востока. Т.3. Восток на рубеже средневековья и нового времени XVI-XVIII вв. - М., 1999
5. Тихвинский С.Л. Путь Китая к объединению и независимости. 1898-1949: По материалам биографии Чжоу Эньлая. М., 1996.
6. Трошин Ю.А. История стран Азии и Африки в новейшее время. – М., 2004.
7. Родригес А. История стран Азии и Африки в новейшее время. – М., 2006.
8. История Японии. 1868 - 1998 гг. - М., 1998. - Т. 2.
9. Петросян Ю.А. Османская империя: могущество и гибель. — М., 1990.

Қосымша:

1. Данн, Росс. Panorama: Дүниежүзі тарихы = Panorama a World History [Мәтін] : монография / Р. Е. Данн, Л. Дж. Митчелл ; [ауд.: Р. Исаева, Г. Жолдасбаева, Ж. Қожабекова және т. б. жауапты шығ. Қ. Сімәділ]. — Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» ҚҚ, 2019. 2-кітап. — 491 б.
2. Харари, Ювал Ноаh. Homo Deus: Болашақтың қысқаша тарихы [Мәтін] = Homo Deus: A Brief History of Tomorrow : монография / Ю. Н. Харари ; [жауапты шығ. Н. Омарбек ; ауд. Е. Әбдіраман]. — Алматы : «Ұлттық аударма бюросы» ҚҚ, 2019. — 434, [1] б.

Интернет ресурсы:

<http://e-history.kz/ru/contents/view/1178>

<http://bnews/kz/ru/news/post/161715> Интернет ресурсы:

<http://e-history.kz/ru/contents/view/1178>